

¹Жолдасова М.К., ²Борбасова Г.Н., ³Джералд Мэттьюс, ⁴Кустубаева А.М.

¹PhD, доцент м.а., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: manzur777@gmail.com

²PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: gulnur840401@gmail.com

³профессор, Орталық Флорида университеті,
АҚШ, Орландо қ., e-mail: gmatthew@ist.ucf.edu

⁴профессор м.а., биология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: almkusto@kaznu.kz

«ҮЛКЕН БЕСТІК» БЕС ФАКТОРЛЫ ТҰЛҒАЛЫҚ САУАЛНАМАСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛДІ НҰСҚАСЫН БЕЙІМДЕУ ТУРАЛЫ

Бұл мақала Р. МакКрае мен П. Костаның (1983–1985 жж.) «Үлкен бестік» деп аталатын танымал психологиялық сауалнамасының қазақ тілді нұсқасын бейімдеу және валидизациялауға арналған. «Үлкен бестік» сауалнамасы тұлғаның бес факторлы моделіне негізделген. Экстраверсия, тәжірибеге ашықтық, нейротизм, ақкөңілділік және адалдық деп бес шкалаға бөлінген 75 сұрақтан тұрады. Зерттеуге әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ерікті 104 студенті (оның ішінде 26 ер адам және 78 әйел адам) қатысты. Қазақ тілді таңдау тобына алу критерийі сынаушының орта мектепті қай тілде бітіргеніне байланысты болды. Ғылыми зерттеуді жүргізу үшін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Медицина және денсаулық сақтау факультетінің локалды этикалық комитетінен рұқсат алынды. Бұл зерттеудің мақсаты – «Үлкен бестік» сауалнамасының қазақ тілді нұсқасын жергілікті популяцияға бейімдеу және алынған мәліметтерді депрессиялық күйді психофизиологиялық зерттеуде қолдану болып табылады. IBM SPSS21 бағдарламасында сауалнаманың әрбір шкаласы бойынша альфа-Кронбах коэффициенті есептеуімен валидизацияны статистикалық талдауы жасалынды. Алынған нәтижелер «Үлкен бестік» сауалнамасының ішкі келісімділігін білдіретін альфа-Кронбахтың сенімді мәнін көрсетті және ол аталған зерттеуде нәтижелерді қолдануға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: тұлға, экстраверсия, альфа-Кронбах, нейротизм.

¹Zholdassova M.K., ²Borbassova G.N., ³Gerald Matthews, ⁴Kustubayeva A.M.

¹PhD, i.e. Associated Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: manzur777@gmail.com

²PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: gulnur840401@gmail.com

³Professor, University of Central Florida, USA, Orlando, e-mail: gmatthew@ist.ucf.edu

⁴candidate of biological science, i.e. Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail:
almkusto@kaznu.kz

Adaptation of the Kazakh version of “Big Five” questionnaire

The article is devoted to adaptation and validization of Kazakh version of well-known personality questionnaire “Big Five” (created by McCrae and Costa, 1983–1985). “Big Five” questionnaire is based on five-factor model of personality (FFM) and includes 75 questions to measure Extraversion, Agreeableness, Conscientiousness, Neuroticism, and Openness to Experience. Participants were 104 (26 male, 78 female) volunteers students of the Al-Farabi Kazakh National University. Inclusion criteria was requirement of high school graduation in Kazakh language. All participants were acknowledged with experiment goals with written information and signed informed consent form. Study was approved by the Ethics Committee of the Medical Faculty of the Al-Farabi Kazakh National University. The purpose of the study was adaptation of the Kazakh version of the “Big Five” questionnaire to be able to use this questionnaire

in future for psychophysiological study of depressive states. IBM SPSS21 was used for statistical analyses of Cronbach's alpha for each questionnaire scale. Results showed significant internal consistency of the Kazakh version of the "BigFive" which allows us to use this questionnaire in future studies.

Key words: Personality, Extraversion, Cronbach's Alpha, Neuroticism.

¹Жолдасова М.К., ²Борбасова Г.Н., ³Джералд Мэттьюс, ⁴Кустубаева А.М.

¹PhD, и.о. доцента, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: manzur777@gmail.com

²докторант PhD, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: gulnur840401@gmail.com

³профессор, Университет Центральной Флориды, США, г. Орlando, e-mail: gmatthew@ist.ucf.edu

⁴кандидат биологических наук, и.о. профессора, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: almkusto@kaznu.kz

Адаптация казахской версии пятифакторного опросника «Большая пятерка»

Данная статья посвящена адаптации и валидизации казахоязычной версии известного психологического опросника, разработанного Р. МакКраем и П. Костам (1983-1985 гг.) и названного «Большая пятерка», ввиду того, что опирается на пятифакторную модель личности. Опросник включает в себя 75 вопросов, распределенных на пять шкал, измеряющих экстраверсию, нейротизм, открытость к опыту, сотрудничество и добросовестность. В исследовании участвовали 104 добровольца-студента Казахского национального университета имени аль-Фараби (из них 26 мужчин и 78 женщин). Критерием включения в казахоязычную выборку был выбран ведущий язык образования в средней школе участника. Для проведения научного исследования было получено разрешение локального этического комитета медицинского факультета Высшей школы общественного здравоохранения КазНУ им. аль-Фараби. Целью данного исследования является адаптация казахской версии опросника «Большая пятерка» к местной популяции с дальнейшим использованием данных в психофизиологическом исследовании депрессивных состояний. Для этого был использован статистический анализ валидизации с расчетом коэффициента альфа-Кронбаха по каждой шкале опросника в программе IBM SPSS21. Полученные результаты исследования показали достоверные значения альфа-Кронбаха, что указывает на внутреннюю согласованность предлагаемого опросника «Большая пятерка» на казахском языке и возможность использования результатов в текущем исследовании.

Ключевые слова: личность, экстраверсия, альфа Кронбаха, нейротизм.

Тұлға – бұл адамның ойы, сезімі және мінез-құлқының маңызды анықтаушы факторы. Адамның тұлғасы туралы сөз қозғағанда, біз әдетте ой, сезім және мінез-құлықтың жалпы бағытын сипаттайтын қырлардың жиынтығын айтамыз. Адамның тұлғасын құрайтын бес негізгі қырды тұлғаның иерархиялық моделі түрінде беруге болады. Оны жас ерекшелік, жынысы, өмір сүрген елі немесе дініне қарамастан адамның тұлғасын сипаттау үшін қолдануға болады.

Адамның тұлғалық ерекшеліктерін оның өзіне және қоршаған ортасына деген қатынасы, мінез-құлқы анықтайды, сондықтан оны нақты диагностикалау мүмкіндігі және алынған мәліметтерді сапалы ашық интерпретациялау адам іс-әрекетінің кез келген практикалық саласында, яғни мамандыққа бағыт-бағдар, кадрларды іріктеу, бизнес-кеңес беру, психологиялық кеңес беру, соматикалық ауруларды емдеу немесе психотерапияда маңызды болып есептеледі. Сенімді және валидті әдістеме клиентті дұрыс түсінуге, терапияның тиімді түрін қолдануға, клиент пен

оның жақындарының көрсеткіштерін салыстыруға, топтық терапияның қатысушыларының психологиялық портретін жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан, зерттеуде адамның өзінің немесе басқа адамдардың мінез-құлқын сипаттайтын сын есімге негізделген тұлғаның бес факторлы моделін қолдануға болады.

Соңғы жылдары адамның индивидуалды ерекшеліктері мәселесіне зерттеушілер ерекше назар аударуда. Бұл мәселенің өзектілігі фундаменталды және қолданбалы психологияның көптеген міндеттерін шешуде маңыздылығымен анықталады. Адамның танымдық әрекетін басқару қабілеті өмірлік іс-әрекеттің әртүрлі саласында тез бейімделуіне байланысты.

Қазіргі таңда тұлғалық сауалнамалар адамның психологиялық ерекшеліктерін зерттеуде тиімді әдістердің бірі болып табылады. Сауалнама жеке тұлға туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін сенімді тәсіл. Сонымен қатар, практикалық психология саласының халықаралық ғылыми зерттеулерінде қолданылатын тұлғалық сауалнамалардың валидтілігіне ерекше мән бе-

реді. Индивидуалды ерекшеліктерді психологиялық зерттеуде тұлға қасиеттерінің бес факторлы моделін анықтайтын «Үлкен бестік» (Big 5) сауалнамасы қолданылады. Соңғы жылдары тұлғалық сауалнамалар әлем бойынша диагностикалық зерттеуде үлкен таралымға ие болып отыр.

Бес факторлы модель (five-factor model) – бұл бес фактор арқылы адамға сипаттама беретін тұлғаның диспозициялық (ағыл.т. disposition – бейімділік) моделі. «Үлкен бестік» – бұл тұлға қырларының таксономиясы; ол адамдарды сипаттау үшін қолданатын жалпы бір атаумен топтастырылған қасиеттерді білдіреді. «Үлкен бестік» – тұлға теориясы емес, ол эмпирикалық түрде алынған феномен.

Соңғы уақытта тұлға қырларының концепциясымен көптеген ғалымдар айналыса бастады: осы тақырыпта симпозиумдар өткізілді, журналдардың арнайы бөлімдері шықты, мысалы, «European Journal of Personality Psychology»; осы сала бойынша халықаралық зерттеушілер тобы белсенді жұмыс жасап жатыр. Сонымен қатар, «Үлкен бестік» концепциясын сынаған Мак-Эдамс өзінің қырлар теориясын (диспозициялық теория) «Бес негізгі қырлар» негізінде құрды. Хофсти бұдан әрі қарай жүрді және «Үлкен Бестікті» зерттеуді тұлғаны зерттеудегі психометриялық (факторлық талдау) дәстүрге тең «парадигма» ретінде сипаттады. Сонымен бірге, бес факторлы моделдің пайда болу тарихына арналған бірнеше жұмыстар болды. Әлбетте, Үлкен Бестіктің ашылуына әкеліп соқтырған зерттеушілердің күш-жігері тарихи тұрғыдан қаралды. Вульф былай деген болатын: «Ақыры, біздің белгілі бір нәрсеге келуге деген үмітіміз пайда болды».

Күнделікті тілдің лексикасы негізінде жасалған «Үлкен Бестік» тұжырымдамасы маман емес тұлғаларға қол жетімді; оның факторлары мінез-құлықты сипаттау үшін жарамды, ал адамдар оларды өздері немесе достары туралы сөйлесуде пайдалана алады. Оның үстіне, ғылыми зерттеулер үшін индивидуалды параметрлердің таксономиясы бойынша қол жеткізілген келісімі тиімді, өйткені таксономияның болуы кем дегенде әр түрлі тұлғалық тұжырымдар мен шкалаларды салыстыру критерийлерін береді.

Кеттел «Он алты тұлға факторынан» (16 PF) «Үлкен Бестікке», Олпорт пен Одберттің тізімін негізге ала отырып, нақты анықталмаған критерийлерден 35 биполярлы шкаланы бөлді, факторлық талдау 12 факторды көрсетті. Толық бейне алу үшін, Каттелл жеке тұлғаны сипаттайтын

ын тағы төрт факторды қосу қажет деп тапты. Осылайша, «Он алты тұлғалық факторлар» сауалнамасы пайда болды (16 PF).

Алғаш рет тұлғаның бес факторлы құрылымын 1949 жылы Кеттелдің зерттеу нәтижесінің негізінде Фиске анықтады. Фиске Кеттелдің 22 шкаласын пайдаланды, нәтижесінде бес фактор анықталды. Бірақ, Фискенің жұмысы көпшіліктің назарына түспеді, өйткені оның өзінің лингвистикалық бағытта мінез-құлықты зерттеуге деген ынтасы болмады.

Г. Олпорт Г. Айзенк пен Р. Кеттелдің зерттеулерінің негізін жалғастыра отырып, тұлға – адамның индивидуалды ерекшеліктерін сипаттайды және биологиялық қасиеттері арқылы әлеуметтік ортаға бейімделеді деп пайымдады. Үлкен бестіктің бастауына Г. Айзенктің 3-факторлы тұлға моделін айтуымызға болады. 1950 жылдың соңында Кеттелдің нәтижесін Тьюпс пен Кристал қайталағысы келді. Олар тұлғаның 16 факторлы құрылымын көрсете алмады, дегенмен 5 факторды көрсете алды. Кейінірек, Кеттелдің нәтижелері негізінде Боргатт және Смит сияқты ғалымдар тұлғаның бес факторлы құрылымын дәлелдеді.

Норман 1963 жылы бес фактордың мәліметтерін сәйкестендірді және Олпорт пен Одберттің тізіміне физикалық сырт келбетке қатысты бағалық және толық айқын емес сипаттамаларды алып тастап 171 терминді енгізді (Norman, 1963). Ішкі күйді, әлеуметтік рөлдерді және аффективті процестерді сипаттайтын терминдерді жұмыс материалына қосты. Ол бес факторды экстраверсия, қайырымдылық, адалдық, эмоциялық тұрақтылық және мәдениет деп атады.

Алғаш рет «Big Five» («Үлкен бестік») түсінігін 1981 жылы Л. Голдберг қолданды. Ол алғашында адамзат тілдерінің дескрипторларын талдау арқылы тұлғалық қырларды зерттеумен байланысты болды. Голдберг 1710 сын есімді қолданды, оның 1431-ін Норманның ұсынған сын есімдерінен алды, ұқсастықтар негізінде ол 75 категорияға бөліп, кейінірек 13 факторды алды. «Бес факторлы модель» термині тұлғалық сауалнамалардың көмегімен тұлға қырларын зерттеумен байланысты болды. Бұл құрылым тұлғаны тек бес фактормен ғана сипаттауға болады дегенді көздемейді. Бұл бес көрсеткіш тұлғаның жоғары деңгейлерін көрсетеді. Бес фактордың әрбірі нақты сипаттамаларымен тұлғаның құрылымын толық қамтиды. Алғашқы төрт факторға интерпретация беру оңай болды, ал бесінші фактор – әлеуметтік мәні бар психикалық және индивидтің сыртқа

көрінетін белсенділігі сияқты әртүрлі қасиеттерден тұрды. Л. Голдберг: «Адамдар күнделікті өмірде өзара әрекеттесуі үшін ең маңызды индивидуалды айырмашылықтарын уақыт өте ауызекі тілде қолданыла бастайды. Мұндай айырмашылық неғұрлым маңызды болған сайын, соғұрлым адамдар оны көп байқайды және бұл туралы әңгімелесуді қалайды, содан соң олар тиісті сөзді ойлап табады», – деп жазды (Goldberg, 1992:141-142).

Тұлғалық қырды өлшеуді жүзеге асырудың нақты әдістемелері екі психометрикалық кадам жүйесінде жүзеге асады:

1. Өзіндік есеп сауалнамасын құру;
2. Объективті тестерді құрастыру.

Сонымен, өзіндік есеп сауалнамасы көбінесе адамдардың не істейтінін немесе типтік орындау тәсілін өлшейді. Керісінше, объективті тестер адамның қолынан іс келетінін немесе неғұрлым жақсырақ орындауын анықтайды.

1990 жылдардың ортасында тұлға ерекшеліктерінің бес факторлы моделі тұлға психологиясында «алтын стандарт» болып есептелді. Бес факторлы сауалнаманың көлемі 240-тан (McCrae, Costa, 2014) 44 сұраққа дейін (John, Srivastava, 1999) болды. Ол сыналұшылардың саны көп зерттеулерде тиімсіз болды.

Соңғы 20 жыл ішінде «Үлкен бестіктің» факторларын анықтау үшін біршама қысқа сауалнама құрастыру әрекеттері жасалды. Солардың ішінде келесілерді атап өтуге болады:

– 21 сұрақтан тұратын BFI-K (Rammstedt, John, 2005; Kovaleva et al., 2013);

– Л. Голдбергтің (Goldberg, 1999) 50 сұрақты «Тұлғалық қасиеттердің халықаралық тізімі» базасында құрылған 20 сұрақты Mini-IPIP сауалнамасы (Donnellan et al., 2006);

– 15 сұрағы бар «BFI-S Үлкен бестік факторларын өлшеуге арналған сауалнама» (Schupp, Gerlitz, 2014);

– Б. Раммштед және О. Джон ұсынған 10-BFI (Rammstedt, John, 2007), 44 сұрағы бар «Үлкен бестік факторларын анықтауға арналған сауалнама» (John, Srivastava, 1999);

– С. Гослинг, П. Рентфру және В. Свонна ұсынған 10 сұрақты тұлға қасиеттерінің сауалнамасы (TIPI) (Gosling et al., 2003).

– Сонымен қатар, Үлкен бестіктің 5 сұрақты сауалнамасын (Aronson, Reilly, Lynn, 2006; Bernard, Walsh, Mills, 2005; Woods, Hampson, 2005; Gosling et al., 2003) да айта кету керек.

Үлкен бестікті зерттеуде кеңінен қолданатын нұсқасы NEO-PI-R сауалнамасы (Costa & McCrae, 1992) болып табылады. NEO-PI-R то-

лық нұсқасы 240 сұрақтан тұрады. Кейінірек 60 сұрақтан тұратын сауалнаманың қысқа нұсқасы пайдаланылды. Үлкен бестікті тестілеудің соңғы әдістерінің бірі BFI болып табылады (Big Five Inventory; John, Danahue & Kentle, 1991; Benet-Martinez & John, 1998; John & Srivastava, 1999; Rammstedt & John, 2005, 2007).

Егер сауалнаманың өте қысқа нұсқасы туралы айтатын болсақ, онда Үлкен бестіктің 5 сұрақты сауалнамасының өкілдерін бөліп көрсетуімізге болады (Aronson, Reilly, Lynn, 2006; Bernard, Walsh, Mills, 2005; Woods, Hampson, 2005; Gosling et al., 2003), дегенмен жүргізілген мета зерттеулер бойынша (Crede et al., 2012; Gunnarsson et al., 2015) 5 сұрақтан тұратын әдістеменің психометрикалық сипаттамасын психодиагностикалық мақсатта қолдануға болмайды. 10 сұрақтан тұратын Үлкен бестік сауалнамасы 5 сұрақты сауалнамаға қарағанда қанағаттанарлықтай психометрикалық сипаттамасы бар және оны экспресс-диагностика мақсатында қолдануға болады (Rammstedt, John, 2007; Gunnarsson et al., 2015).

1993 жылдардан бастап қазіргі күнге дейін Ресейде Үлкен бестіктің сауалнамасын құру және бейімдеу қарқынды жүруде. Зерттеулер адамның толық психологиялық портретін құру үшін бес фактордың жеткілікті екенін көрсетті. Қазіргі уақытта ішкі және сыртқы академиялық қауымдастықта кең қолданылып жүрген Х. Тсуйидің (Tsuji et al., 1997) жапон тіліндегі тұлға қырларының сауалнамасына негізделген А.Н. Хромовтың (Хромов, 2000) бейімдеген 5PFQ орыс тілді нұсқасы болып табылады. Сауалнама тұлғалық қасиеттерді сипаттайтын 2 жұпқа бөлінген 150 пікірлерден тұрады. Әрбір жұпты бес балдық шкала бойынша бағалау ұсынылады.

Сауалнаманың NEO-PI-R (240 сұрақ) және NEO – FFI (60 сұрақ) түпнұсқасын бейімдеу В.Е. Орол және Т. Мартинмен (Martin, Costa, Oguol et al., 2002) жүзеге асырылды. М.В. Ломоносов атындағы ММУ-дың базасында А.Г. Шмелевтің (Шмелев, 2002) жетекшілігімен NEO-PI-R-мен қашықтықтан байланысқан түпнұсқалы B5S-Plus5 100 сұрақты сауалнамасын құру және жетілдіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар, Л. Голдбергтің (Goldberg, 1992) 100 сұрақты IPIP шкалаларын Г.Г. Князев, Л.Г. Митрофанова және В.А. Бочаровтың (Князев, Митрофанова, Бочаров, 2010) бейімдеген нұсқаларын айтып өтуге болады. Тағы да бір сәтті бейімделген Big Five (BFI нұсқасы (John et al., 1991)) сауалнамасы С.А. Щебетенконың

(Shchebetenko, 2014) еңбегі болып табылады. 2016 жылы М.С. Егорова мен О.В. Паршикова конвергентті және дивергентті валидтіліктің факторлы құрылымының сипаттамасы бойынша қанағаттанарлықтай нәтиже көрсеткен 10 сұрақты (B5-10) сауалнамасын ұсынды (Егорова, Паршикова, 2016). Осы жылы Т.В. Корнилова мен М.А. Чумакованың «Апробация краткого опросника Большой пятерки (ТІРІ, КОБТ)» (Корнилова, Чумакова, 2016) мақаласы ТІРІ аудармасының альтернативті нұсқасы болды.

Бес факторлы «Үлкен бестік» сауалнамасының әдіснамалық негізін америкалық психологтар Р. Маккрае мен П. Коста 1983-1985 жж. аралығында жасаған. Р. Маккрае мен П. Костаның пайымдауынша, бес тәуелсіз айнымалылар, яғни адамды психологиялық тұрғыдан сипаттайтын темперамент пен мінездің тұлғалық факторлары арқылы тұлғаның объективті психологиялық портрет-моделін білуге жеткілікті деп есептейді. Сауалнама адамның индивидуалды ерекшеліктерін сипаттайтын бір-біріне қарама-қарсы 75 жұпты стимулды пікірлерден тұрады. Стимулды пікірлер бес балдық бағалау шкаласынан тұрады (-2; -1; 0; 1; 2).

Тұлға құрылымы бес фактор бойынша шкаланы бағалау профилі түрінде беріледі. Бес факторды OCEAN аббревиатурасы арқылы жаттап алуға болады. Ол келесі модель негізінде құрылған «тәжірибеге ашықтық (openness)»,

«адалдық (conscientiousness)» «экстраверсия (extraversion)», «аккөңілділік (agreeableness)», «нейротизм (neuroticism)». Оны ғылыми зерттеулерде, сонымен бірге қолданбалы мақсатта да кеңінен қолданылады.

Бұл жұмыстың мақсаты – «Үлкен Бестік» сауалнамасының қазақ тілді нұсқасын бейімдеу. Көздеген мақсатқа жету үшін сауалнаманың құрылымдық факторы зерттеліп, ішкі келісімділігі анықталды. Бұл мақалада «Үлкен бестік» сауалнамасының қазақ тілді популяцияға бейімделген нәтижелері берілген.

Сауалнаманың қысқа нұсқасы, оның сенімділігінің жоғарылауына және зерттеуге жұмсалатын уақытына байланысты кеңінен таратылды. Біздің зерттеулерімізде индивидуалды ерекшеліктерді анықтау мақсатында «Үлкен бестік» сауалнамасының қысқа нұсқасы қолданылды. Қазақстанда тұратын, қазақ тілінде сөйлейтін популяцияға өткізіліп тексерілді.

Сауалнаманың қазақ тіліндегі нұсқасы түпнұсқада берілгендей 75 сұрақтан тұрады, олар айтылған бес ерекшелікті қарастырады: экстраверсия, тәжірибеге ашықтық, аккөңілділік, нейротизм және адалдық.

1. Экстраверсия шкаласы – қарым-қатынас, жағымды эмоция, энтузиазм, өзіне сенімділікпен бағаланады (мысалы, «Маған дене шынықтырумен айналысқан ұнайды», «Маған жаңа достар мен таныстар табу ұнайды», «Маған бейтаныс адамдармен сөйлескен ұнайды»).

1 кесте – «Экстраверсия» диспозициясының аталу нұсқалары

Аталу категориясы	Жоғары деңгей	Төменгі деңгей
Ағылшын тілінде	Extraversion, Domain, Energy, Enthusiasm, Surgency, Dominance	Introversion
Қазақ тілінде	Экстраверсия, энергия, энергиялық	Интроверсия

Экстраверсия факторы сыртқы немесе ішкі әлем көрінісіне бағытталған. Барлығымызға белгілі, экстраверттер қарым-қатынасшылдығымен, белсенділігімен, импульсивтілігімен, жаңа сыртқы стимулды іздеумен ерекшеленеді. Экстраверттер лидерлікке бейім, неғұрлым физикалық күшті және вербалды белсенді, досшыл, көңілді, оптимист. Экстраверттер мынандай әлеуметтік рөлдерді орындайды: сауда, саясат, өнер және әлеуметтік ғылымда. Келесі полюс факторы интроверттер, оларға тәуелсіздік тенденциясы, индивидуализм тән. Интроверттерге сәйкес келе-

тін әлеуметтік қызметтер инженерлік іс және ғылым. Сипатталған екі полюс ортасында амбиверт, бұл изоляция күйіндегі өмірге, сонымен қатар қоғамдағы белсенді іс-әрекетке де бейім адам.

2. Тәжірибеге ашықтық шкаласы – мәдениет деңгейі, интеллект, идеяларды жинақтау дағдысы, танымдық қабілеттер, жаңа білімдерге сезімтал болумен байланысты (мысалы, «Барлық жаңашылдық менің қызығушылығымды тудырады», «Маған күтпеген жағдайлар ұнайды», «Жауабы алдын ала белгілі нәрселер маған қызықты емес»).

2 кесте – «Тәжірибеге ашықтық» диспозициясының аталу нұсқалары

Аталу категориясы	Жоғары деңгей	Төменгі деңгей
Ағылшын тілінде	Openness, Domain, Openness to Experience, Openness to Change, Culture, Open-Mindedness, Originality	Closedness to experience
Қазақ тілінде	Жаңа тәжірибеге ашықтық, тәжірибеге ашықтық, ашықтық, экспрессивтілік, ойшылдық, интеллект, дүниетанымы кең	Үнемділік

Ашықтық (openness to experience). Бұл фактор ашықтықта, кез келген білімді қабылдауда көрінеді. Бұл жерде тұлғаның тек ішкі әлеміне ғана емес, сонымен қатар сыртқы әлемде болып жатқан өзгерістерге деген қызығушылығы. Тәжірибеге ашық адамдар кең қызығушылық, дамыған қиял, икемді ақылға, оригиналды және эстетикалық сезімталдыққа ие, оларды жаңашылдық пен ерекшелік қызықтырады. Кең мағынада оларды зерттеушілер деп атауға болады. Олар мәселені шешудегі жаңа қадамға ашық, өзіндік талдау мен рефлексияға бейімдіктерімен ерекшеленеді. Мұндай адамдар кәсіпкер ретінде, сәулетші, суретші, ғалым-теоретик ретінде (әлеуметтік және жаратылыстану ғылымында) жетістікке жете алады.

Бұл адамдарға қарама-қарсы тәжірибеге жабық индивидтер. Оларды шектеулі қызығушылықтар ерекшелендіреді. Мұндай тұлғалар орташа, «ыңғайлы», консервативті тұлға ретінде қабылданады. Бұларға тән әлеуметтік рөлдер: қаржы менеджері, орындаушы, жоба ұйымдастырушысы, кейде олар бір саладағы

қолданбалы ғылым аймағында жұмыс істейтін ғалымдар. Континумның ортасында орналасқан адамдардың қызығушылыққа деген қабілеті бар, бірақ әрдайым өзіне және қоршаған ортаға деген шаршаңқылық байқалады. Олар «консерватор» тәрізді қабілетті, ұзақ уақыт бойы таныс жұмысқа көңіл бөледі. Бірақ соңында «зерттеушілер» сияқты жаңашылдыққа деген қызығушылық туындайды. Сипатталған шкала факторы – интеллект көрсеткіші болып саналмайды, себебі «зерттеуші» және «консервант» екеу де дәстүрлік интеллект тестінен бірдей жақсы нәтижеге ие. Сонымен қатар, ашықтық факторы шығармашылық потенциалдың маңызды компоненті ретінде қарастырылады.

3. Ақкөңілділік шкаласы – тартымдылық, сенім, альтруизм, қарапайымдылық және ашық ойлау қабілетімен бағаланады (мысалы, «Адамдар мені ашық-жарқын және мейірімді адам деп санайды», «Мен барлық адамдарға мейірімді болуға тырысамын», «Мен әрдайым біреуге қол ұшын беріп немесе қиындықтарын бөлісуге дайынмын»).

3 кесте – «Ақкөңілділік» диспозициясының аталу нұсқалары

Аталу категориясы	Жоғары деңгей	Төменгі деңгей
Ағылшын тілінде	Agreeableness, Domain, Affection, Altruism, Accommodation, Attitudinal	Antagonism
Қазақ тілінде	Ынтымақтастық, тартымдылық, ақкөңілділік, достық	Шеттелу

Ақкөңілділік – эгоорталыққа қарама-қайшы ретінде, әлеуметтік (көбінесе альтруизм деп атайды) орталық шегі. Бұл шкаланың бір жағында, «конформист» орналасқан, өзінің жеке қажеттіліктерін топ қажеттіліктеріне икемдеуге бейім, өзінің жеке принциптеріне қарамай топ нормаларын қабылдайды. «Конформист» үшін өз көзқарасын талап еткеннен гөрі, басқалармен гармониялық қатынас маңызды. Адамдарға се-

німділікте көрінетін, мейірімділік, шиеленістен қашу сияқты бұл қырларды «жағымды мінез» деп те атайды.

Шкаланың келесі жағында «Күрделі адам». Оны топтың ережелері мен қызығушылықтарына қарағанда, жеке басының принциптері мен қажеттіліктері қызықтырады. «Күрделі адам» топтың артынан емес, өзінің ішкі дауысына сай жүреді, ол басқаларға мәселе тудыруымен, арнайы

агрессиялығымен, қаталдығымен, басқаларға деген дұшпандығымен ерекшеленеді. «Күрделі адам» көбінесе азаматтық және әскери басқаруға лайықты келеді.

Ал ортасында «келіссөзші»: мұндай адам басқару жағдайынан талаптарға мойынсұну қабілетіне ие. Бұл тұлға өзінде екі тенденцияны біріктіреді: бірінші тенденция шеткі көрінісі өзіндік индивидуалдылықты жоғалту және тәуелділікке әкеледі; екіншісі – өзін-өзі

сүйетін, қоғамға қарама-қайшы, «параноидтық».

4. Нейротизм шкаласы – эмоциялық тұрақсыздық, алаңдаушылық, қастық, мазасыздық, қырсықтық, депрессиялық, өзіне сенімсіздікті анықтауға бағытталған (мысалы, «Кейде болмашы нәрселерге менің көңіл-күйім түседі», «Кейде мен өзімді жалғыз, мұнды және қолымнан ештеңе келмейтін сияқты сезінемін», «Егер мен сәтсіздікке ұшырасам, әдетте өзімді кінәлаймын»).

4 кесте – «Нейротизм» диспозициясының аталу нұсқалары

Аталу категориясы	Жоғары деңгей	Төменгі деңгей
Ағылшын тілінде	Neuroticism, Domain, Emotionality, Need for Stability	Stability, Emotional Stability
Қазақ тілінде	Нейротизм, эмоциялық	Эмоциялық тұрақтылық, эмоциялық ұстамдылық, ұстамдылық

Жағымсыз эмоциялық, нейротизм индивидтің стрестік жағдайларға сезімталдығында көрінеді. Бұл фактордың бір полюсінде жағымсыз эмоциялардың жылдам туындауымен ерекшеленетін «реактивті» тұлғалар табылады. Олар көптеген жағымсыз уайымдарды сезінеді: үрейшіл, тітіркенгіш, нашар көңіл-күйге, барлығын «қара түсте» көруге бейім, сонымен қатар басқа адамдармен салыстырғанда, өмірге неғұрлым аз қанағаттанған. Мұндай «реактивтілік» жағымсыз эмоцияларға бейімділік, әлеуметтік ғылымдар саласындағы ғалым сияқты рөлдер үшін «жеке негіз» жасайды немесе жеке тұлғаның бес факторын, тұтынушы бақылайтын қызметкерлерді диагностикалау үшін сауалнаманы бейімдейді. Алайда жағымсыз эмоциялық, жоғарғы интеллектілік және академиялық жетістікке қарсы әрекет етуі мүмкін. Келесі полюстағы индивидтер басқаларға қарағанда, өмірге неғұр-

лым рационалды және қалыпты қатынас тенденциясына ие. Мұндай адамдар айналасында не болып жатса да үрейленбеген қалыпта көрінеді. Бұл полюстегі адамдар мынандай әлеуметтік рөлдердің тасымалдаушысы: авиадиспетчер, пилот, снайпер, басқарушы жұмыскер т.с.с. Аталған полностардың арасында, осы фактордың ауырлығының орташа ауқымы бар. Ортасындағы адамдар эмоциялық тұрақтылық пен реактивтілікке ие.

5. Адалдық шкаласы – нормаларды қадағалау, сенімділік, жауапкершілік, құзыреттілік, жетістікке жету және өзіндік реттеу сапаларын бағалауға арналған (мысалы, «Мен барлық нәрседе тазалық пен ұқыптылықты бағалаймын», «Мен жұмысқа жауапкершілікпен және мұқияттылықпен қараймын», «Дүкенде өзім алғым келген заттарды әдетте ұзақ уақыт таңдаймын»).

5 кесте – «Адалдық» диспозициясының аталу нұсқалары

Аталу категориясы	Жоғары деңгей	Төменгі деңгей
Ағылшын тілінде	Conscientiousness, Domain, Control, Constraint, Control of impulses, Consolidation, Motivational	Lack of direction
Қазақ тілінде	Адалдық, саналы, бақылау, бақылаушылық, жетістікке талпыну	Табиғи

Мейірімділік факторы – субъект жағынан өз мінез-құлқы мен іс-әрекетін саналы түр-

де бақылаудың айқын көрінісі. Оның полюсі мынандай қасиеттермен сипатталады: жоғары

игеру, табандылық, ұйымшылдық, тәртіптік, мұқияттылық, жұмыстағы нақтылық, тапсырмаға бағдар. Осы қырлар индивидтің тұлғалық және кәсіби мақсатына жағымды әсер етеді. Нәтижесінде «бағытталған» немесе «бір бағытты» тұлға типі туындайды. Көбінесе мұндай индивид көп жұмыс істейді, жетістікке жетуге бағытталған. Мұндай жетістіктердің болуы – әлеуметтік лидерді, бағдарламашыны қалыптастырудың негізі болып табылады.

Келесі полюсі өзгермелі адамды көрсетеді, тез зейіні ауысатын, іс-әрекеті ұйымдастырылмаған, кездейсоқ тәжірибеге түскенді ұнататын, мақсатқа аз бағытталған, жиі гедонист және мақсатқа бағытталған әрекет деңгейінің төмен болуымен ерекшеленеді. Бастаған ісін оңай тастап кете салатын, ол сонымен қатар, басқа идеяларға, басқа адамдарға немесе басқа істерге қызығады. Ол өз импульсін нашар бақылайды. «Өзгермелі» адамның бағытталған адамға қарағанда аз жұмыс істеуі міндетті емес, оның белсенділігі мақсатқа, жұмысқа бағытталған. Бұл қырдағы адамдарға шығармашылық даму жақсылық әкеледі, себебі бұл қырға ие индивид бірақ рет арнайы жолды таңдамай, басқа да ойлау мүмкіндіктер мен әрекетке дайын болады. Бұл қасиет – детектив, кеңес беруші, зерттеуші сияқты әлеуметтік рөл өзегі болып табылады.

Осы континумның орталығында – «теңдестірілген» индивид, тұрақтылық пен өзгермелілікті

біріктіретін тенденция. Мұндай адам қарастырылатын фактордың экстремалды мәнге ие көріну деңгейіне сай топ арасында жақсы делдал бола алады. Ол «өзгермелі» іс-әрекетті белгілі бір деңгейде тұрақтандыру қасиетіне ие.

Зерттеудің объектілері мен әдістері:

Зерттеуге Алматы қаласының 18-45 жас аралығындағы 104 тұрғыны (26 ер адам және 78 әйел адам) қатысты.

Мәліметтерді статистикалық талдау SPSS 21 бағдарламалық пакеті арқылы жасалды, әрбір сыналушының көрсеткіші бойынша альфа-Кронбах коэффициенті есептелінді, ол әрбір элементті бүкіл масштабтың таралуымен салыстырады. Егер тест нәтижесінің таралуы әрбір жеке мәселе бойынша нәтижелердің таралуынан аз болса, онда әрбір жеке мәселе бір сипаттың қасиеттері мен құбылыстарын зерттеуге бағытталған.

Зерттеудің нәтижелері және оларды талқылау

Үлкен бестік сауалнамасы көрсеткіштерінің сенімділік талдауы, белгілі бір топтағы сәйкес сұрақтарының өзара корреляциясын көрсетті.

Сауалнаманың ішкі келісімін бағалау үшін біз көпшілікке танымал ішкі келісімді бағалау тәсілі – альфа-Кронбах коэффициентін алдық. Үлкен бестік үшін бұл коэффициент көрсеткіші 6-кестеде көрсетілген.

6 кесте – Үлкен бестік сауалнамасының қазақ тілді нұсқа шкалаларының сенімділік көрсеткіші

№	Үлкен бестік шкалалары	α – Кронбах коэффициенті
1	Экстраверсия	0,65
2	Ақкөңілділік	0,74
3	Адалдық	0,73
4	Нейротизм	0,82
5	Тәжірибеге ашықтық	0,62

1-кестеде көрсетілгендей, альфа Кронбах коэффициентінің деңгейі 0,62-0,82 аралығы сенімділік деңгейінің жеткіліктілігін дәлелдейді. Біз қазақ тілді сауалнамада қойылған сұрақтардың семантикалық мәнін сақтауға тырыстық. Талдау нәтижелерінің сенімділігі жеке зерттеу мақсатының салдары болып табылатын айырмашылықты көрсетуі заңды болып табылады.

Бес факторлы моделдің мағыналы-құрылымдық интерпретациясы үш позицияда жүргізілуі мүмкін: лексикалық, семантикалық және әлеуметтік-перцептивтік. Сонымен қатар, «Үлкен бестіктің» мазмұнын мақаланың басында айтылып өткен теориялық бағыттардың негізінде талдауға болады. Бес факторлы моделді зерттеу тұрақты индивидуалды ерекшеліктердің барын көрсетеді.

Бес факторлы модель тұлғаның қырлары арқылы адамның өзін қандай да бір бейнеде көрсетуіне байланысты құрылады және өзіне бес негізгі факторды қосады: 1) нейротизм – негативті эмоциялық; 2) экстраверсия – сыртқы әлемге бағытталған белсенділік; 3) тәжірибеге ашықтық – жаңа идеяларға ашықтық; 4) аккөңілділік/ынтымақтастық – басқа адамдарға деген тартымдылық; 5) адалдық

– өзіндік бақылауға қабілеттелік. Тұлғаның бес факторлы моделі арқылы болжам жасауға және адамның өмірлік іс-әрекетінің бірнеше саласына ұсыныс беруге болады. Сонымен, Үлкен бестік сауалнамасының барлық шкаласы өзара ішкі үйлесімділікке ие және алынған мәліметтерге сүйенсек, сауалнаманың барлық шкаласы сенімді, әрі ғылыми зерттеуде қолдануға болады.

Әдебиеттер

- Aronson Z.H., Reilly R.R., Lynn G.S. The impact of leader personality on new product development teamwork and performance: The moderating role of uncertainty // *Journal of Engineering and Technology Management*. – 2006. – № 23. – P. 221–247.
- Bernard L.C., Walsh R.P., Mill M. Ask once, may tell: Comparative validity of single and multiple item measurement of the Big-Five personality factors // *Counseling and Clinical Psychology Journal*. – 2005. – № 2. – P. 40–57.
- Donnellan M.B., Oswald F.L., Baird B.M., Lucas R.E. The mini-IPIP scales: Tiny-yet-effective measures of the Big Five factors of personality // *Psychological Assessment*. – 2006. – № 18. – P. 192–203.
- Goldberg L. Language and individual differences: the search for universals in personality lexicons / L. Goldberg // *Review of Personality and Social Psychology*. – 1981. – Т. 2. – С. 141–165.
- Goldberg L.R. The development of markers for the Big-Five factor structure // *Psychological Assessment*. – 1992. – № 4. – P. 26–42.
- Goldberg L.R. A broad-bandwidth, public-domain, personality inventory measuring the lower-level facets of several five-factor models // *Personality psychology in Europe / Eds. I. Mervielde, I.J. Deary, F. De Fruyt, and F. Ostendorf*. – 1999. – № 7. – P. 7–28.
- John O.P., Srivastava S. The Big-Five trait taxonomy: History, measurement, and theoretical perspectives // *Handbook of personality: Theory and research / Eds. L.A. Pervin, O.P. John*. New York: Guilford Press, 1999. – P. 102–138.
- Kovaleva A., Beierlein C., Kemper C.J., Rammstedt B. Psychometric Properties of the BFI-K: A Cross Validation Study // *The International Journal of Educational and Psychological Assessment*. – 2013. – № 13 (1). – P. 37.
- McCrae R.R., Costa P.T. A contemplated revision of the NEO Five-Factor Inventory // *Personality and individual differences*. – 2004. – Vol. 36. – № 3. – P. 587–596.
- Norman W.T. Toward an adequate taxonomy of personality attributes: Replicated factor structure in peer nomination personality ratings // *The Journal of Abnormal and Social Psychology*. – 1963. – Vol. 66. – № 6. – P. 574.
- Rammstedt B., John O.P. Kurzversion des Big Five Inventory (BFI-K): Entwicklung und Validierung eines ökonomischen Inventars zur Erfassung der fünf Faktoren der Persönlichkeit // *Diagnostica*. – 2005. – № 51. – P. 195–206.
- Rammstedt B., John O.P. Measuring personality in one minute or less: A 10-item short version of the Big Five Inventory in English and German // *Journal of Research in Personality*. – 2007. – № 7 (41). – P. 203–212.
- Schupp J., Gerlitz J.Y. Big-Five Inventory-SOEP (BFI-S) Zusammenstellung sozialwissenschaftlicher Item und Skalen 2014 [Электронный ресурс]. URL: [http://zis.gesis.org/pdf/Dokumentation/Schupp+%20Big%20Five%20Inventory%20SOEP%20\(BFI-S\).pdf](http://zis.gesis.org/pdf/Dokumentation/Schupp+%20Big%20Five%20Inventory%20SOEP%20(BFI-S).pdf).
- Woods S.A., Hampson S.E. Measuring the Big Five with single items using a bipolar response scale // *European Journal of Personality*. – 2005. – № 19. – P. 373–390.
- Егорова М.С., Паршикова О.В. Психометрические характеристики Короткого портретного опросника Большой пятёрки (Б5-10) // *Психологические исследования*. – 2016. – Т. 9. – № 45. – С. 9.
- Князев Г.Г., Митрофанова Л.Г., Бочаров В.А. Валидизация русскоязычной версии опросника Л. Голдберге «Маркеры факторов «Большой пятёрки»» // *Психологический журнал*. – 2010. – Т. 31. – № 5. – С. 100–110.
- Корнилова Т.В., Чумакова М.А. Апробация краткого опросника Большой пятёрки (ТИР, КОБТ) // *Психологические исследования*. – 2016. – Т. 9. – № 46. – С. 5.
- Хромов А.Б. Пятифакторный опросник личности: учебно-методическое пособие. – Курган: Изд-во Курганского гос. Ун-та, 2000. – 164 с.
- Шмелёв А.Г. Психодиагностика личностных черт. – СПб.: Речь, 2002. – 480 с.

References

- Aronson Z.H., Reilly R.R., Lynn G.S. (2006) The impact of leader personality on new product development teamwork and performance: The moderating role of uncertainty. *Journal of Engineering and Technology Management*, no 23, pp. 221–247.
- Bernard L.C., Walsh R.P., Mill M. (2005) Ask once, may tell: Comparative validity of single and multiple item measurement of the Big-Five personality factors. *Counseling and Clinical Psychology Journal*, no 2, pp. 40–57.
- Donnellan M.B., Oswald F.L., Baird B.M., Lucas R.E. (2006) The mini-IPIP scales: Tiny-yet-effective measures of the Big Five factors of personality. *Psychological Assessment*, no 18, pp. 192–203.

- Egorova M.S., Parshikova O.V. (2016) Psikhometricheskiye kharakteristiki Korotkogo portretnogo oprosnika Bol'shoy pyaterki (B5-10) [Validation of the Short Portrait Big Five Questionnaire (BF-10)]. *Psikhologicheskiye issledovaniya* [Psychological studies], vol. 9, no 45, pp. 9 (in Russ.)
- Goldberg L.R. (1992) The development of markers for the Big-Five factor structure. *Psychological Assessment*, no 4, pp 141-142.
- Goldberg L.R. (1999) A broad-bandwidth, public-domain, personality inventory measuring the lower-level facets of several five-factor models. *Personality psychology in Europe* / Eds. I. Mervielde, I.J. Deary, F.De Fruyt, and F. Ostendorf, no 7, pp. 7–28.
- John O.P., Srivastava S. (1999) The Big-Five trait taxonomy: History, measurement, and theoretical perspectives. *Handbook of personality: Theory and research* / Eds. L.A. Pervin, O.P. John. New York: Guilford Press, pp. 102–138.
- Khromov A.B. (2000) Pyatifaktorny oprosnik lichnosti: Uchebno-metodicheskoye posobiye. [Big Five personality questionnaire: handbook]. Kurgan: Izd-vo Kurganskogo gos. Un-ta, 164 p. (in Russ.)
- Knyazev G.G., Mitrofanova L.G., Bocharov V.A. (2010) Validizatsiya russkoyazychnoi versii oprosnika L. Goldberga «Markery faktorov «Bol'shoy pyaterki»» [Validation of Russian version of L.Goldberg's questionnaire «Markers of Big Five factors»]. *Psikhologicheskii zhurnal* [Psychological Journal], vol. 31, no 5, pp. 100-110. (in Russ.)
- Kornilova T.V., Chumakova M.A. (2016) Aprobatsiya kratkogo oprosnika Bol'shoy pyaterki (TIPI, KOBT) [Aprobation of short Big Five questionnaire (TIPI, KOBT)]. *Psikhologicheskiye issledovaniya* [Psychological studies], vol. 9, no 46, pp. 5. (in Russ.)
- Kovaleva A., Beierlein C., Kemper C.J., Rammstedt B. (2013) Psychometric Properties of the BFI-K: A Cross Validation Study. *The International Journal of Educational and Psychological Assessment*, no 13 (1), pp. 37.
- McCrae R.R., Costa P.T. (2004) A contemplated revision of the NEO Five-Factor Inventory. *Personality and individual differences*, vol. 36, no. 3, pp. 587–596.
- Norman W.T. (1963) Toward an adequate taxonomy of personality attributes: Replicated factor structure in peer nomination personality ratings. *The Journal of Abnormal and Social Psychology*, vol. 66, no 6, pp. 574.
- Rammstedt B., John O.P. (2005) Kurzversion des Big Five Inventory (BFI-K): Entwicklung und Validierung eines ökonomischen Inventars zur Erfassung der fünf Faktoren der Persönlichkeit. *Diagnostica*, no 51, pp. 195–206.
- Rammstedt B., John O.P. (2007) Measuring personality in one minute or less: A 10-item short version of the Big Five Inventory in English and German. *Journal of Research in Personality*, no 7 (41), pp. 203–212.
- Schupp J., Gerlitz J.Y. (2014) Big-Five Inventory-SOEP (BFI-S) Zusammenstellung sozialwissenschaftlicher Item und Skalen [Электронный ресурс]. URL: [http://zis.gesis.org/pdf/Dokumentation/Schupp+BigFiveInventorsSOEP\(BFI-S\).pdf](http://zis.gesis.org/pdf/Dokumentation/Schupp+BigFiveInventorsSOEP(BFI-S).pdf).
- Shmelov A.G. (2002) Psikhodiagnostika lichnostnykh chert [Psychodiagnosis of personality characteristics]. SPb: Rech', 480 p. (in Russ.)
- Woods S.A., Hampson S.E. (2005) Measuring the Big Five with single items using a bipolar response scale. *European Journal of Personality*, no 19, pp. 373–390.